

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.03.19 № 958 Жарлығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Президенті м е н Ү к і м е т і а к т і л е р і н ің
ж и н а ғ ы н д а ж әне р е с п у б л и к а л ы қ
баспасөзде мазмұны жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасында туризмді дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007 - 2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң

**Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011
жылдарға арналған
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

Астана - 2006 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Мемлекеттік бағдарламаның паспорты
 2. К і р і с п е
 3. Туризм дамуының қазіргі жай-күйіне талдау
 - 3.1. Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырудың қорытындылары
 - 3.2. Туристік кластер құру және оны дамыту жөніндегі шараларды іске асыру
 - 3.3. Облыстар тұрғысынан туризм дамуының жай-күйі
 - 3.4. Туризм инфрақұрылымы
 4. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
 5. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
 - 5.1. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесін дамыту
 - 5.2. Қазақстандық туристік өнімнің маркетингі және ілгерілеуі
 - 5.3. Экологиялық туризм - тұрақты даму факторы
 - 5.4. Балалар мен жасөспірімдер туризмі - ішкі туризмді дамытудың және туристік мәдениетті тәрбиелеудің негізін қалаушы факторлардың бірі
 - 5.5. Кадрлар дайындау, туризм қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесі және туризм саласын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету
 - 5.6. Туризмді ақпараттық қамтамасыз ету
 - 5.7. Туристер қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - 5.8. Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастық
 - 5.9. Халықаралық маңызы бар "белсенді" жобаларды іске асыру
 6. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері
 7. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның көрсеткіштері
- Қосымшалар

1. Мемлекеттік бағдарламаның паспорты

Атауы бағдарлама)	Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік
Әзірлеу үшін негіздеме	Мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарына (екінші кезең) сәйкес
әзірленді Негізгі әзірлеуші министрлігі	Қазақстан Республикасы Туризм және спорт
Бағдарламаның мақсаты туристік индустрия құру	Сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті
Бағдарламаның міндеттері	Қойылған мақсатқа сәйкес Бағдарламаның бірінші кезектегі міндеттері мыналар болып т а б ы л а д ы : туризм инфрақұрылымын дамыту; туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін жасау; елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру; туристік әлеуетті арттыру; рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастыру

Іске асыру
мерзімдері

2007-2011 жылдар

Бірінші кезең: 2007-2009 жылдар

Екінші кезең: 2010-2011 жылдар

Қажетті ресурстар
және
қаржыландыру
көздері

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін
2007-2011 жылдарға көзделіп отырған шығыстар:
республикалық бюджеттен 59 318 221 мың
теңгені құрайды, оның ішінде:
2007 жылға - 2 329 668 мың теңге; 2008 жылға
- 20 637 405 мың теңге; 2009 жылға -
30 635 357 мың теңге; 2010 жылға - 2 774 656
мың теңге; 2011 жылға - 2 941 135 мың теңге.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының
заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да
көздерден қаражат пайдалану болжанады.

Бұл ретте Мемлекеттік бағдарламаны іске
асыруға қажетті бюджеттік қаражаттың көлемі
тиісті жылға республикалық бюджетті бекіту

кезінде нақтыланатын болады.

Бағдарламаны іске
асырудан күтілетін
нәтижелер

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру
барысында мынадай нәтижелерге қол
жеткізіледі:

туристер ағынының тұрақты өсімі:

бірінші кезеңде (2007 - 2009 жылдар):

ішкі туризм бойынша 2007 жылғы 3,4 млн.
туристен 2009 жылы 4,0 млн. туристке дейін;
сырттан келушілер туризмі бойынша 2007
жылғы 4,5 млн. туристен 2009 жылы 6,0 млн.
туристке дейін.

екінші кезеңде (2010-2011 жылдар):

ішкі туризм бойынша 2010 жылғы 4,1 млн.
туристен 2011 жылы 4,5 млн. туристке дейін;
сырттан келушілер туризмі бойынша 2010
жылғы 7,0 млн. туристен 2011 жылы 9,5 млн.
туристке дейін.

Шартты түрде орта есеппен бір шетелдік
турист өзінің болуы уақытында бюджетке
63500-ге жуық теңге әкелсе, 2007 жылдан 2011
жылды қоса алғанда сырттан келушілер
туризмінен бюджетке түсетін түсім 603,2 млрд.

теңгені құрайды.

Сырттан келушілер туризмі есебінен сонымен қатар халықтың туризм саласында жұмыспен қамтылуы 2007 жылғы 447,6 мың адамнан 2011 жылы 550,0 мың адамға дейін қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бағдарлама ұлттық туристік өнімнің тартымдылығын арттыруға және Қазақстанның әлемдік туристік нарық жүйесіне кіруіне, қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы мен мемлекет экономикасының кіріс секторы шеңберінде халықаралық кәсіпкерлік пен іскерлік ынтымақтастықтың маңызды саласы ретінде бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға жәрдем ететін болады

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарына (екінші кезең) сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1445 қаулысымен бекітілген Туризм саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру кезеңінде халықаралық туристік байланыстар біршама кеңейді, туристік саланың заңнамалық және нормативтік құқықтық базасы жетілдірілді. Бұл ретте туристік саланы дамыту жөніндегі шараларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының негізгі өлшемдерін есепке ала отырып іске асыруға басты назар

а у д а р ы л д ы .

Жеті кластерлік бастаманың ішінде туристік индустрияның экономиканың басым секторларының бірі ретінде танылуы оны дамытуға жаңа серпін берді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды орталық азиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру .

Мемлекеттік бағдарлама республикада қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік индустрия құруға және экономиканың сабақтас секторларын дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясын, негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттері мен іске асыру тетіктерін айқындайды және туризм инфрақұрылымын дамытуды, осы саланы мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құрудың, туристік әлеуетті арттырудың, елдің тартымды туристік имиджін, рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастырудың негізгі аспектілерін қамтиды.

Қазақстан Республикасының теңдесі жоқ табиғи және мәдени әлеуетіне негізделген қазіргі заманғы туристік индустрия туризмнің туристік қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы жүйесіне оралымды кірігуінің табиғи жүйе жасаушы факторы, неғұрлым серпінді дамушы және өзінің капитал сыйымдылығына қарамастан, салынған капиталға қайтарымы жөнінен тиімді салалардың бірі болып табылады.

3. Туризм дамуының қазіргі жай-күйіне талдау

3.1. Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырудың қорытындылары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1445 қаулысымен бекітілген Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, заңнамалық нормативтік актілер әзірлеу, туризм инфрақұрылымын қалыптастыру, статистиканы, кадр, білім беру және өңірлік саясатты жетілдіру, туризм саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі міндеттер қойылды .

Бағдарламаны іске асыру мақсатында "Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшыраған туристерге қажетті көмек көрсететін мамандандырылған қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 450 қаулысы, "Барлық

санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бөгде үйлер, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 240 қаулысы қабылданды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 бірлескен бұйрығымен бекітілген жаңа Қазақстан Республикасының визаларын беру тәртібі туралы нұсқаулық қабылданды, онда еліміздің бұрынғы азаматтарын қоса есептегенде, 54 мемлекеттің шетелдік азаматтары үшін визалық рәсімдерді оңайлату көзделген, "Туристерге медициналық қызмет көрсету және шұғыл көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 746 бұйрығы шығарылды.

Туристік сала үшін кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт агенттігінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 06-2-2/89 бұйрығымен Туристік ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оларды аттестаттау және қоғамдық туристік кадрлардың әр түрлі санаттарын даярлау ережесі бекітілді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі туризм саласындағы қызметтер мен қызмет көрсетулер түрлерінің статистикалық номенклатурасын (ТҚҚСН), одан әрі ұлттық шоттар жүйесіне Туризмнің қосымша шотын (ТҚШ) енгізу жобасын іске асыру үшін қосымша талдамалы зерттеулер жүргізілетін сауалнамалар мен кестелер әзірледі.

Туризмнің қарышты және тұрақты дамуына сырттан келушілер мен ішкі туризм көлемінің өсу қарқыны мен туристік қызметті мемлекеттік реттеу жүйесінің құрылуы куә бола алады.

Бұл ретте елдің туристік имиджін қалыптастыруға және ұлттық туристік өнімді туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына шығаруға айрықша назар аударылды: 2001 жылдан бастап осы уақытқа дейін Берлин (ГФР), Лондон (Ұлыбритания), Мадрид (Испания), Мәскеу (РФ) қалаларында, ал 2006 жылғы қаңтардан бастап Утрехт (Голландия) қаласында өткізілетін ірі халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге Қазақстанның жыл сайын қатысуы қамтамасыз етіліп келеді.

Жыл сайын көрме алаңдары ұлғаюда, республиканың туристік ұйымдарының өкілдіктері кеңеюде, жарнамалық-ақпараттық өнімнің сапасы артуда.

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінде (Лондон қ.) 2004 жылғы қарашада Қазақстанның бірінші туристік өкілдігі ашылды.

Бүкіләлемдік туристік ұйымның Іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген КІТҒ - Қазақстан халықаралық туристік жәрмеңкесі Алматы қаласында, "Белуха" халықаралық туристік фестивалі Шығыс Қазақстан облысында жыл сайын өткізіледі. 2005 жылы КІТҒ жәрмеңкесіне әлемнің 23 елінен 200-ден астам компания қатысты, ал 2006 жылы оның экспоненттері 30 елден 450 компания болды. Сонымен қатар негізгі мақсаты туристер ағынын елдің орталық және солтүстік өңірлеріне тарту, ел ордасы - Астананың үшінші мыңжылдық қаласы ретінде имиджін қалыптастыру болып табылатын "Астана-Демалыс" халықаралық қазақстандық туристік көрме жыл сайын өткізіліп тұрады.

Туристік бизнес кәсіпкерлері үшін гранттар, техникалық көмек және инвестициялар тарта отырып бизнес-жоспарлар құру мен инвестициялық жобалар жасау бойынша оқытып үйрету семинарларын жыл сайын өткізу қамтамасыз етілген. Қазақстанның туристік мүмкіндіктерін шетелде көрсету үшін инвестициялық жобалар каталогы, бағыттамалар, буклеттер мен қағаз және электрондық жеткізушілердегі басқа да жарнамалық-ақпараттық өнім шығарылды.

Қазақстанның оң туристік имиджін қалыптастыруға және туристік индустрияға инвестициялар тартуға Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің (ШИК) жұмыс тобы көп жәрдемін тигізеді, оның шеңберінде 2005 жылы ШИК жұмыс тобының мүдделі мүшелері қатарынан туризм жөніндегі шағын топ құрылды. Сонымен қатар 2006 жылдан бастап ШИК веб-сайтында "Қазақстандағы туризм" Интернет-парағын ашу туралы шешім қабылданды.

Бүгінде республика іс жүзінде туризмнің қолданыстағы барлық түрін ұсынып отыр. Туристік кластерді дамыту шеңберінде республикада туризмді дамытудың іскерлік, экологиялық, мәдени-танымдық, сондай-ақ шұғыл түрлері сияқты басым бағыттары айқындалды.

Туристік қызмет көрсетулердің негізгі жеткізушісі туристік ұйымдар болып табылады, оларды туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 846 туристік ұйым мен 30 жеке кәсіпкер ұсынады. Әрекет етуші туристік фирмалар мен қонақ үй шаруашылығы кәсіпорындарының басым көпшілігі Алматы қаласында (605), Шығыс Қазақстан (124), Қарағанды (122), Алматы (71) облыстарында және Астана қаласында (79) (1-қосымша) . Қазақстанның туристік қызмет көрсетулер нарығында 3,2 мыңға жуық адам, 1,5 мың кәсіби гид пен экскурсияшы жұмыс істейді. Туристік нарықтың барлық ұйымдарының 98,3 %-ін шағын кәсіпорындар (жұмыс істейтіндердің саны 50 адамға дейін) білдіреді. 250 адамнан аспайтын персоналы бар орташа кәсіпорындар 1,3%-ті, ал ірілер 0,4%-ті

құрайды. Талдауға қарағанда, туристік ұйымдардың көпшілігін шағын және орта кәсіпорындар құрайды, олар әлем елдерінің көбінде инновацияларға негізделген экономикалық өсімнің тиімді генераторы болып табылады. Қазақстанның туристік ұйымдары әлемнің жетпіс елімен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне қарағанда 2004 жылы Қазақстанда туризм саласында 379,3 мың адам еңбек еткен, бұл 2003 жылға қарағанда 17,8 процентке артық.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар, ұлттық туристік нарықта шетелдер қатысатын 37 туристік ұйым қызметін жүзеге асырады.

Тек қана туристік ұйымдардың қызметінен Қазақстан Республикасының кірісі 2005 жылы 5902,6 млн. теңгені құрады.

Тұтастай алғанда, 2005 жылы республика бойынша туристік индустрия кәсіпорындарының кірісі 16,8 процентке көбейіп, 30553,4 млн. теңгені құрады, сонымен қатар бюджетке 6526,5 млн. теңге аударылды, бұл былтырғымен салыстырғанда 37,6 процентке артық (2-қосымша) . Көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі де 43,3 процентке артып, 24516,8 млн. теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің төлем теңгерімінің деректері ("Сапарлар" бабы) бойынша резидент еместерге Қазақстанның қызмет көрсетулер көлемі 2005 жылы 684,5 млн. АҚШ долларын құрады, Қазақстанның резидент еместерден алған қызмет көрсетулер көлемі 667,1 млн. АҚШ долларын құрады (3-қосымша) . 2005 жылы елдің ІЖӨ-ге туризмнің салымы 1,3 процентті құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің және Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша сырттан келушілер туризмі көлемінің 2004 жылғы 4291 мың туристен 2005 жылы 4365 мың туристке дейін тұрақты арту үрдісі байқалады. Ішкі туризм бойынша көрсеткіштер 2004 жылғы 2793,8 мың туристен 2005 жылғы 3280 мың туристке дейін өсуде (4-қосымша) . Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2000 жылдан бастап 2005 жылды қоса алғандағы деректерін талдау сырттан келушілер туризмі географиясының 2000 жылғы 60 елден 2005 жылы 161 елге дейін кеңейгенін көрсетеді.

Сырттан келушілер туризмін талдау көрсеткендей, туристердің 58,4 процентінің біздің елге іскерлік және кәсіби мақсаттармен келгенін көрсетті. Елімізде демалу мақсатында 12017 турист (30,1 %), таныстары мен туыстарының шақыруы бойынша 10,2 процент коммерциялық мақсатпен - 1,2 процент турист келген .

Жыл сайын сыртқа шығушылар туризмінің көлемі артуда. Егер 2000 жылы туристік фирмалар шетелге 67360 туристі жіберсе, ал 2005 жылдың қорытындылары бойынша кеткен Қазақстан Республикасы азаматтарының саны 210692 туристі құрады. Алыс шетел мемлекеттерінің ішінде Түркия - 63,1 мың

адам (30%), Қытай - 48, 6 мың адам (23,1%), Біріккен Араб Әмірліктері - 23,8 мың адам (11,3%) Қазақстан тұрғындары арасында барынша танымал болып табылады.

Сыртқа шығушылар туризмінде бос уақыт, рекреация және демалыс (44,7%) мақсатымен шығу басым болып келеді. Қалғандарының шығу мақсаты коммерциялық - шоп-турлар (29%), іскерлік және кәсіби (18,7%) болып табылады.

Елде әр түрлі туристік қызмет көрсетулерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалуда, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар әзірленіп, қабылданды. Қазақстан Республикасында туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға инвестициялар тарту үшін жағдайлар айқындалды.

Туризмді дамыту көлік инфрақұрылымын дамытумен тікелей байланысты. Елімізге туристер негізінен әуе көлігімен келеді. Ішкі туризм мақсатында көбінесе автожол көлігі пайдаланылады. Жыл сайын республикалық маңызы бар жолдар тізбесі толықтырылып, олардың құрамында ірі туристік объектілерге паратын жолдар бар.

Сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм көлемін ұлғайтудың негізгі факторлары тармақталған көлік желісін дамыту және жолаушылар тасымалының барлық түрлерінің географиясын кеңейту болып табылады. Осыны ескере отырып, ұлттық тасымалдаушы - "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы мен "Жолаушылар тасымалы" акционерлік қоғамы туризм саласындағы уәкілетті органның қолдауымен 2002 жылдан бастап Алматы - Тараз - Шымкент - Ташкент - Самарқанд - Үргеніш - Бішкек - Рыбачье - Алматы бағыты бойынша "Жібек жолы меруерті" мамандандырылған пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін іске асырады.

Болашақта Тегеранға дейін екінші кезеңді, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округы арқылы Пекинге дейін үшінші кезеңді жүзеге асыру жоспарланып отыр.

2003 жылдан бастап 2005 жылды қоса алғандағы кезеңде Қазақстан Республикасының шетелдермен туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастығының нормативтік құқықтық базасы кеңейді. Қазіргі кезде туризм саласында 26 келісім қолданылуда. Жапониямен, Грекиямен, Франциямен, Катармен, Сауд Арабиясымен, Словениямен, Польшамен, Моңғолиямен, Малайзиямен туризм саласында ынтымақтастық туралы келісім жобалары контрагенттерге келісу үшін жіберілді. Қазіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі болып табылатын Дүниежүзілік

туристік ұйыммен және Дүниежүзілік туристік ұйымға мүше елдердің ұлттық туристік әкімшіліктерімен ынтымақтастық нығайтылды.

Резидент еместерден ел экономикасына шетелдік валюта ағынының тұрақты артуы есебінен елдің төлем теңгерімі жақсарып отырғанын айта кету керек, туризм саласын қаржыландыру мәселесі шешілуде: 2001 жылдан бастап 26 млн. 111 мың теңге көлеміндегі қаржылық қаражат, халықаралық көрмелерге қатысу мен республикада халықаралық туристік жәрменкелер өткізуді қоса алғанда, туристік қызмет жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға бөлінді. 2003 жылдан бастап туристік іс-шараларды қаржыландыру көлемі Бағдарламаны қабылдауға байланысты 32 млн. теңгеге, 2004 жылы - 34 млн. теңгеге артты және 2005 жылы бөлінген қаржы қаражат сомасы 39,5 млн. теңгені құрады.

3.2. Туристік кластер құру және оны дамыту жөніндегі шараларды іске асыру

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Маркетингтік-талдамалы зерттеулер орталығы және "J.E. Austin Associates Inc." америкалық консалтингтік компания "Қазақстан экономикасының қолданыстағы және әлеуетті болашағы бар секторларының бәсекеге қабілеттілігін бағалау және оларды дамыту жөнінде ұсынымдар тұжырымдау" жобасын жүзеге асырды. Жобаның мақсаты елдің экономикалық өсімі үшін әлеуеті бар Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларының бәсекеге қабілеттігін арттыру болып табылады. Қорытындысында экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және әртараптылығын арттырудың индустриалдық негізін құру үшін шикізаттық емес жеті басым саланың ішінде алғашқылардың бірі болып туризм айқындалды.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның бәсекелік артықшылығы бірегей мәдениетінде (мәдени-танымдық туризм), бай табиғи әлеуетінде (экологиялық туризм), өсіп келе жатқан іскерлік белсенділігінде (іскерлік туризм), сондай-ақ спорт және хикаялы (шұғыл) туризм сияқты демалыстың белсенді түрлерімен ш ұ ғ ы л д а н у м ү м к і н д і г і н д е .

Италия, АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері мен Түркиядағы туристік орталықтар дамуының тәжірибесі айтарлықтай.

Аталған елдердің туризм индустриясын дамыту негізінде туристік сала инфрақұрылымын, көлікті және қызмет көрсетулер салаларын дамыту жатты.

Туристік орталықтардың белсенді дамуы Италияда (Рим, Венеция), Түркияда

(Бодрум, Мармарис, Анталья), АҚШ-та (Лас-Вегас, Гавай аралдары), Египетте (Каир, Гиза, Александрия), Тайландта (Бангкок) байқалды.

Осы әлемдік туристік орталықтар туризмі инфрақұрылымының негізін қазіргі заманғы үш, төрт және бес жұлдызды қонақ үйлер, театрлар, ойын-сауық орталықтары құрайды. Сонымен қатар аталған туристік орталықтардың дамуында бай тарихи-мәдени мұра мен табиғи-климаттық жағдайлардың рөлі маңызды болды.

Осы өңірлердің туризм индустриясының тиімді дамуына мемлекеттің бизнестің кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетуі, сондай-ақ туризм инфрақұрылымын қалыптастыруда мемлекеттік-жеке әріптестік ықпал етті.

Шетелдердің мысалы көрсеткендей, ұлттық парктерге келетін туристер (мысалы, Кенияда, Америкада, Қытайда) онда жыл сайын 1 млн.-ға дейін АҚШ долларын қалдырып кетеді. Қорықтарға, ұлттық парктерге тауарларды сату және ақылы қызмет көрсетулер есебінен өз бетінше ақша табуға рұқсат берілген. Ұлттық парктер табатын қаржылық қаражат оларды дамытуға, сондай-ақ қорғау мен қалпына келтіру іс-шараларын жүргізуге жұмсалады.

Осыдан шыға отырып, "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысымен Алматы қаласы мен Алматы облысында "Туризм" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) бекітілді.

Туристік кластер жасаудың маңыздылығын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі туристік индустрияны одан әрі дамыту стратегиясын айқындау мақсатында Қазақстан өңірлерінің туристік әлеуетіне маркетингтік зерттеулер жүргізу үшін 65 млн. теңге көлемінде қаржылай қаражат бөлді. Аталған зерттеулерді жүргізу үшін стратегиялар әзірлеуде және туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына туристік өнімді жылжытуда көшбасылық орынды иеленуші "International consulting group on tourism "IPK" (бұдан әрі - "IPK International") компаниясы тартылды.

Жүргізілген зерттеулер қорытындысы бойынша, Қазақстанның бәсекелік артықшылықтары мен ұзақ мерзімге арналған кластерлік бастамалар ескеріле отырып, елдің туристік индустриясын дамыту стратегиясы жөнінде ұсынымдар тұжырымдалды, бірқатар жобаларды іске асыру көзделді, олардың бірі осы Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу болып табылады.

Жоғарыда аталған Жоспарды іске асыру шеңберінде мынадай жұмыстар жүргізілді:

туристік сала Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қыркүйектегі N 925 қаулысымен бекітілген экономикалық қызметтің басым түрлері тізбесіне енгізілді, бұл әлеуетті инвесторларға Қазақстан

Республикасының инвестициялар туралы заңнамасында көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді;

бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 ақпандағы N 196 қаулысымен Қазақстан Республикасының резидент еместері мен резиденттеріне арналып республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін 0,1 - 0,2 ең төмен есептік көрсеткіш көлемінде бірыңғай төлем ставкалары белгіленеді;

Қазақстандық-ресейлік үкіметаралық комиссиясының кезекті отырысында (2005 жылғы 18-19 қазан) хаттамалық шешімге "Байқоңыр" ғарыш айлағында ішкі және сырттан келушілер туризмін дамыту жөніндегі іс-шаралар енгізілді;

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі 2004 жылдан бастап Туризмнің қосалқы шотын құру жөніндегі жұмыстарды жүргізіп келеді, сондай-ақ экономикалық қызмет түрлері бойынша (ЭҚТЖ) және экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жөніндегі (ЭҚТӨЖ) қолданыстағы жіктегіштерге өзгерістер енгізу туралы мәселе де пысықталуда;

Дүниежүзілік туристік ұйымның және Еуропа үшін Дүниежүзілік туристік ұйым комиссиясына мүше-елдердің ұлттық туристік әкімшіліктерінің қолдауымен 2006 жылғы 25-27 сәуірде Алматы қаласында Тұрақты туризмді дамыту мәселелері жөніндегі Еурокомиссияның 45-отырысы өткізілді;

Дакар (Сенегал) қаласында 2005 жылы 25 қараша мен 2 желтоқсан аралығында өткен Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас ассамблеясының XVI отырысында 2007 жылы Қазақстанды Дүниежүзілік туристік ұйымның Атқарушы Кеңесінің құрамына ұсыну туралы мәселе енгізілді;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2005 жылғы 20 маусымдағы N 220 бұйрығымен туризм саласындағы уәкілетті органның жанындағы туризм жөніндегі сараптама кеңесі бекітілді.

Қазақстан экономикасының орнықты дамуы, елдің индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру шетелдік капиталды белсенді түрде тартуға ықпал етеді. Сондықтан да туристік индустрияны дамытуға шетелдік және ішкі инвестицияларды тарту, орталық және өңірлік билік деңгейлерінің іс-қимылын нақты үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында жоғары деңгейлі туристік менеджмент қалыптастыру, жеке бастамалардың дамуына жәрдем ету, саланың ақпараттық кеңістігін құру, қазақстандық турөнімнің сыртқы және ішкі нарыққа жылжуының тиімді жүйесін әзірлеу, инвестициялау және салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылдау үшін барлық алғышарттар бар. Бұл әзірлену үстіндегі өңірлік шебер-жоспарлар шеңберінде іске асыру жоспарланып отырған туризмнің кластерлік дамуының негізгі бағыттары.

3.3. Облыстар тұрғысынан туризм дамуының жай-күйі

Астана, Алматы қалаларында, Атырау, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында сырттан келушілер туризмінің барынша кең көлемі байқалады, бұл ретте іскерлік туризм басым. Көрсетілген қалаларда, сондай-ақ Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында неғұрлым сыртқа шығушылар туризмі дамыған.

Ішкі туризмнің барынша дамуы Астана, Алматы қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы және Ақмола облыстарында байқалады.

Тұтастай алғанда, республика бойынша туризмнің барлық түрлерінен барынша көп туристке Алматы, Астана қалаларында, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Атырау және Ақтөбе облыстарында қызмет көрсетілген (5-қосымша) . Бұл өңірлердегі туристердің сапар мақсаты негізінен іскерлік және кәсіби мақсат, бос уақыт, рекреация және демалыс, сондай-ақ шоп-турлар болып табылады .

2001 жылдан бастап, жергілікті атқарушы органдар саланы дамытуға қажетті қаржылай қаражатты бөліп келеді, алайда, талдау көрсеткеніндей, облыстардағы туристік индустрияның дамуын тежеуші факторлардың бірі жергілікті атқарушы органдардың экономикалық өсімді қамтамасыз ететін басымдықтардың бірі ретінде аталған салаға жеткіліксіз назар аударуы болып табылады. Айталық, туризмді дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған өңірлік және республикалық бағдарламасын іске асыруға Солтүстік Қазақстан облысында жыл сайын орта есеппен 400 мың, ал 2006 жылға - 329 мың теңге, Павлодар облысында жыл сайын - 500 мың теңгеден және Қостанай облысында - 1,5 млн. теңге шегінде бөлінді.

3.4. Туризм инфрақұрылымы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2005 жылы Қазақстан Республикасының аумағында 515 туристік объект болды, оның ішінде: 273 мейманхана, 7 кемпинг, 36 санаторий, 15 санаторий-профилакторий, 12 профилакторий, 5 емдеу-профилакторий орталықтары, 4 пансионат, 29 демалыс аймағы, 27 демалыс үйі, 24 туристік база, 35 сауықтыру лагері, 4 тау шаңғысы базасы, 13 қонақ үй, 9 аңшылық үй, 1 балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығы, 7 сауықтыру кешені, 6 мұражай, 2 кесене, 1 туризм жөніндегі мемлекеттік кәсіпорын және басқалары (клубтар, қолөнершілер қалашықтары) - 5

2005 жылғы қолданыстағы 385 қонақ үй мен басқа да орналастыру орнының 340-ы жеке меншік нысанында, 22-сі мемлекет меншігінде және 23-і басқа

мемлекеттердің меншігінде болды.

Елде үш, төрт және бес жұлдызды 78 қонақ үй жұмыс істейді, қалған қонақ үйлер басқа санаттарға жатады.

Республика бойынша туристерді орналастыру объектілерін пайдаланудан түскен кіріс 2005 жылы 21156 млн. теңгені құрады, аталған кәсіпорындар көрсеткен қызмет көлемі 17737,5 млн. теңге, оның ішінде - мейрамханалары бар қонақ үйлер - 15927,0 млн. теңге, мейрамханаларсыз қонақ үйлер - 1533,3 млн. теңге, жастар жатақханалары мен таудағы туристік базалар - 57,7 млн. теңге; кемпингтер, мотельдер, автофургондар мен автотіркемелерді қоюға арналған тұрақтарда көрсетілетін қызметті қоса алғанда - 0,7 млн. теңге, қалған орналастыру объектілері - 218,8 млн. теңгені құраған (6-қосымша) .

Мамандандырылған орналастыру орындарында: 106 санаторий, пансионат, санаторий-профилакторийде 2005 жылы емдеу-сауықтыру қызмет көрсетулерін 257,4 мың адам пайдаланған, 13 демалыс базасы мен үйінде, пансионаттарда 32686 адам демалған. Неғұрлым танымал емдеу орындарына "Сарыағаш" (ОҚО), Арасан-Қапал (Алматы облысы), "Мойылды", "Баянауыл" (Павлодар облысы), "Жаңақорған" (Қызылорда облысы), Щучье-Бурабай аймағы (Ақмола облысы), "Каспий" (Маңғыстау облысы) және басқалары жатады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2003 жылы туризм объектілерінің негізгі жаңа құралдарына 29591,8 млн. теңге, 2004 жылы 37895,2 млн. теңге, 2005 жылы 33994,3 млн. теңге инвестиция бөлінген. Бұл туризм саласына инвестиция тартудың оң үрдістеріне куә болады, алайда қабылданып отырған шаралар инфрақұрылымды дамытуға және туристік индустрияны инвестициялауды ынталандыруға анық жеткіліксіз. Талдау көрсеткеніндей, елдің инфрақұрылымын дамытуға салынған инвестициялардың жалпы сомасынан туристік ұйымдардың қызметін жүзеге асыруға 2003 жылы тек 139 млн. теңге, 2004 жылы 242 млн. теңге және 2005 жылы 48,3 млн. теңге т а р т ы л ғ а н .

Туристік қызметке жасалған талдау Астана және Алматы қалаларына шекараның арғы жағынан келген туристер сапары іскерлік мақсатта болатынын (іскерлік туризм) және олар сапалы әрі қызмет көрсетулердің толық жиынтығын ұсынатын қонақ үйлерге тоқтағанды жөн санайтынын көрсетті. Елдің іскерлік орталықтары - ірі қалалардағы халықаралық деңгейдегі қонақ үйлер желісінің одан әрі дамуы дәл осы іскерлік туризмге байланысты болады.

Алайда, қонақ үйлерді, пансионаттарды, демалыс үйлері мен базаларын қоса алғанда, орналастыру объектілерінің материалдық базасы, сондай-ақ санаторийлік-курорттық мекемелер моральдық және физикалық тұрғыдан тозудың жоғары шегіне жетуімен сипатталады.

Әуе көлігі саласында

Халықаралық туризмді дамытуға ықпал етуші негізгі факторлардың бірі жолаушыларды авиатасымалдау болып табылады. Қазіргі уақытта республикаға алыс шетелдің алты авиакомпаниясы ("KLM", "Lufthansa", "British Airlines", "Asiana Air Arabia", "China South Airlines", "Turkish Airlines") тұрақты ұшып тұрады. Ұлттық авиатасымалдаушы "Эйр Астана" Түркия, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея, Тайланд, Ұлыбритания, Үндістан, БАӘ, Нидерландыға тұрақты р е й с т е р ж а с а й д ы .

Қазіргі уақытта Қазақстанның халықаралық авиатасымалдарға қол жеткізе алатын әуежайлары: Астана, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Семей, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларында бар.

Статистикалық деректерге сәйкес 2005 жылы әуе көлігі қызмет көрсетулерін 248578 турист (57,1 процент) пайдаланған.

Сапарлардың басым көпшілігінің әуе көлігін пайдалану арқылы жүргізілетінін ескерсек, авиапаркті жаңарту, жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдау географиясын кеңейту, туристік ағынды көбейту мақсатында елеп-екшелген баға мен тариф саясатын айқындау, қызмет көрсету сапасын арттыру қажет.

Темір жол көлігі саласында

Соңғы жылдары темір жол көлігі билет құнының қолжетімділігіне байланысты республика халқының негізгі жол жүру құралына айналды.

Статистика деректері бойынша, 2005 жылы темір жол көлігін 87615 турист (10,27 процент) пайдаланған.

Қазақстан аумағы бойынша өзімізде жасақталған 132 бағдар жолаушылар поезы жүріп өтеді. Оның ішінде қала маңындағы қатынаста 69 бағдар бойынша; жергілікті қатынаста - 49, мемлекетаралық қатынаста - 11, халықаралық қатынаста - 3 поезд жүреді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы аумағы арқылы ТМД елдерінде жасақталған 17 жолаушылар поезы бағдары өтеді.

Жолаушыларға темір жол көлігінде сервистік қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар көзделген: Қазақстан Республикасы аумағында да, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағында да жолаушылар поезында жолаушылар үшін ланч-бокстар құрудың технологиялық процесінің жобасы қарастырылуда, "ЖВ купе", "РИЦ купе" санатындағы вагондардың жолаушылары үшін безендіріліп, мамандандырылған ақпараттық буклет шығару бағдарламасының жобасы әзірленді.

Сонымен қатар "Жолаушылар тасымалы" акционерлік қоғамының поездарындағы қызмет көрсету деңгейі халықаралық стандартқа сәйкес келмейді. Вагон паркінің әбден тозуы және біршама бөлігінің ұзақ уақыт пайдаланылуы,

оларды ауыстыру немесе қайта жаңғырту қажеттілігі жолаушылар тасымалының өзін-өзі ақтамайтындығымен, оларды субсидиялаудың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатындығымен түсіндіріледі.

Автокөлік саласында

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1809 қаулысына сәйкес республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары тізбесіне ірі туристік объектілерге апаратын және туризмді одан әрі дамытуда барынша қызығушылық тудыратын мынадай жолдар енгізілуіне байланысты соңғы жылдары туристік мақсатта автокөлік белсенді түрде п а й д а л а н ы л ы п ж ү р :

1. Ташкент - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас;
2. Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Самара;
3. Алматы - Қарағанды - Астана - Петропавл;
4. Астрахань - Атырау - Ақтау - Түркіменстан шекарасы;
5. Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай;
6. Астана - Қостанай - Челябині - Екатеринбург.

Статистика деректері бойынша 2005 жылы қалааралық автобустардың қызмет көрсетулерін 87615 (20,1 процент) турист, басқа да құрлықтағы жол құралдарын 53765 (12,36 процент) турист пайдаланған.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойындағы бөлінген жолақта мынадай объектілер жұмыс істейді: 925 - АМС, 108-ТҚС, 62 - қонақ үй, 1124 - тамақтану және сауда орындары, 61 - автотұрақ.

Су көлігі саласында

Каспий теңізіндегі Ақтау порты Қазақстанды Ресей, Түркіменстан, Әзірбайжан және Иран порттарымен байланыстырады. Қазақстан Республикасында Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен ішкі су жолдары бойынша қатынастар бар.

Шығыс Қазақстандық су жолдары республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жолаушылар тасымалдауға лицензиясы бар және туристік қызметке кіріктірілген кемелер үшін Өскемен мен Бұқтырма шлюздері арқылы шлюздеу құнының 25 проценті мөлшерінде жеңілдетілген тариф белгіледі. Бұл ретте Өскемен және Бұқтырма шлюздері арқылы аз мөлшерлі флотты шлюздеу ұзындығы 10 м. дейінгі кемені - шлюздеу құнының - 10%-імен және 10 метрден ұзын кемені - шлюздеу құнының 20%-імен жеңілдетілген тариф бойынша белгіленген кестемен жүргізіледі. Статдеректерге сәйкес 2005 жылы аталған кәсіпорын 276 туристке қызмет көрсеткен.

Елдің басқа да су артериялары туристік мақсатта пайдаланылмайды. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Еуропадан келген

туристердің Каспий теңізі бассейні аумағында үлкен қызығушылығы жағажай туризмінде де және круиз ұйымдастыруда да байқалды.

4. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты - сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен халықты жұмыспен қамтуды, мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру.

Қойылған мақсаттарға сәйкес бірінші кезектегі міндеттер мыналар болып айқындалды:

туризм инфрақұрылымын дамыту;
туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін құру;
елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру;
туристік әлеуетті арттыру;
рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аймақтар қалыптастыру.

5. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

5.1. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесін дамыту

Бұл бағытта мынадай шараларды іске асыру қажет:

Қазақстан Республикасының алда тұрған Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруін ескере отырып, туристік қызмет көрсетулердің халықаралық саудасын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу;

сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризмді дамыту, көші-қон, визалық және тіркеу рәсімдерін, кеден және шекара бақылауын оңайлату мәселелері жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру;

сырттан келушілер және ішкі туризмді дамыту үшін инвестициялау және салық салу мәселелері жөніндегі қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

туризм саласындағы статистикалық есеп пен есептілік жүйесін жетілдіру, Туризмнің қосымша шотын (ТҚШ) ұлттық шоттар жүйесіне енгізу;

туристік саланың төлем теңгерімін қалыптастыру әдістемесін Дүниежүзілік туризм ұйымның ұсынымдарын және Біріккен Ұлттар Ұйымы Статистикалық комиссиясының шешімдерін ескере отырып жетілдіру;

шет елдермен туризм саласындағы ынтымақтастықты саланың халықаралық шарттық базасын кеңейту негізінде жандандыру;

туристік және қонақ үйлік қызмет көрсетулердің сапасын техникалық реттеу жүйесінің белгіленген талаптарына сәйкес арттыру;

туризм саласындағы қызметті мүдделі орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік және жеке меншік секторлар арасында үйлестірудің ең жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

туристік менеджменттің тиісті деңгейін қамтамасыз ету;

туристік инфрақұрылымды дамытуды мемлекеттік қолдауды және орталық пен жергілікті атқарушы органдардың осы бағыттағы іс-қимылдарын үйлестіруді

қ а м т а м а с ы з е т у ;

туристік саладағы жеке бастамалардың дамуына жәрдем ету.

Туризм инфрақұрылымын дамыту және инвестициялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешу үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

электр беру желісін жүргізу;

сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің құрылысын салу;

телефон желісін төсеу немесе өткізу және спутниктік байланыспен қ а м т а м а с ы з е т у ;

көлік жолдарын салу және қайта салу.

Бірінші кезекте коммуникациялық жүйелерді Қапшағай су қоймасындағы, Алматы облысындағы Алакөл көлінде, Маңғыстау облысындағы Каспий теңізі жағалауындағы (Кендірлі ауданы), жағажай туризмі және ойын-сауық индустриясы дамыған аудандарда, Жібек жолының қазақстандық учаскесінің орталығы - Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласында қамтамасыз ету қ а ж е т .

Рекреациялық ресурстардың ірі шоғырланған базасында рекреациялық шаруашылық мамандануы бар аумақтық аймақтар қалыптастыру қажет.

Қазақстан Республикасында санаторийлік-курорттық істі дамыту ерекше маңызға ие, ол мынадай шараларды іске асыруды талап етеді:

санаторийлік-курорттық объектілерге сертификаттау және жіктеу жүргізу;

санаторийлік-курорттық объектілердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

санаторийлік-курорттық мақсаттағы объектілердің қызметін үйлестіруді қ а м т а м а с ы з е т у .

Туризм инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуын, сондай-ақ қаржылық қаражаттың шектеулілігін ескере отырып, мынадай өңірлерде үш, екі жұлдызды санаттағы қонақ үйлер желісі мен туркластар құрылысына бағытталған өңірлік деңгейдегі "Еурокемпинг" жобасын іске асыру шеңберінде мейманханалар, қонақ үйлер мен мәтелдер, сондай-ақ кемпингтер желісін салудың бірінші кезектегі

құрылысының басымдықтарын айқындау қажет:
Ақмола облысы - Көкшетау қ. Зеренді ауданының Зеренді к. және Щучинск қ.
;

Алматы облысы - Текелі қ., Жаркент қ.;
Жамбыл облысы - Тараз қ. ("Тектұрмас") архитектуралық кешенінің
аумағында), Байзақ ауданы ("Ақыртас") көне қалашығының аумағында), Жуалы
ауданының Б. Момышұлы ауылында.

Мынадай жерлерде турккласс санатындағы мейманханалар, қонақ үйлер мен
кемпингтер желісі құрылысын қамтамасыз еткен жөн:

Шығыс Қазақстан облысында - Алакөл және Марқакөл көлдерінде, Бұқтырма
с у қ о й м а с ы н д а ;

Қызылорда облысында - Шымкент-Самарқан трассасы бойындағы Ұлы Жібек
Ж о л ы н ы ң у ч а с к е с і н д е ;

Атырау облысында - Сарайшық қалашығында;
Маңғыстау облысында - Маңғыстау ауданы Шетпе ауылында;
Павлодар облысында - Баянауыл МҰТП аумағында.

Болжамдарды ескерсек, 2011 жылдың соңына қарай елде 368300 орынға
арналған қонақ үйлер салу қажет.

Бұл ретте туризм саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру
мақсатында мынадай мәселелерді шешу қажет:

халықаралық бизнес-қоғамдастықтың Қазақстанның туристік мүмкіндіктері
туралы хабардарлығын арттыру және осы бағытта шетелдік ұйымдармен, оның
ішінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар
кеңесінің Қазақстан Республикасының инвестициялық имиджін арттыру
мәселелері жөніндегі жұмыс тобы арқылы ынтымақтастықты дамыту;

туристік-этнографиялық кешендер түріндегі объектілердің құрылысы, бос
уақытты өткізу және ойын-сауық индустриясы желісін құру жөніндегі
жобаларды шетелдік және отандық даму институттарының инвестициялауына
ж ә р д е м д е с у ;

Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры мен басқа да отандық даму
институттарының мүмкіндіктері мен ресурстарын тарту арқылы туристік және
жәдігерлік өнім индустриясын құру және дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

сырттан келушілер туризмін дамыту үшін неғұрлым тартымды, әлемдік
стандарттарға сәйкес келетін туристік инфрақұрылым объектілері бар аудандар
салудың өңірлік бас жоспарларын әзірлеу;

киіз үйлер дайындайтын кәсіпорындарды қалпына келтіру және жаңаларын
салу, ұлттық қолөнерді қайта жаңғырту, жаңа жұмыс орындарын ашу.

Инвестициялау институтын дамыту тиімділігі бұл бағытта жүйелі
мемлекеттік саясат жүргізуге және туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі

мемлекеттік, жекеше және туристік қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін шоғырландыруға байланысты болады.

2007-2008 жылдары әзірленген шебер-жоспарлар негізінде Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында туристік кластерлер құру және оны дамыту жөнінде іс-шаралар қабылдау қажет. Қазақстанның әлеуеті туристік мақсатта іс жүзінде елдің барлық өңірін пайдалануға мүмкіндік бере алатындықтан, экономикалық орындылығын ескере отырып, сонымен қатар басқа да әлеуетті өңірлерде шебер-жоспарлар жасаудың мүмкіндігін қарау қажет. Бұл ретте оларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды қажетті деңгейде қаржыландыруды қамтамасыз етуге айрықша назар аударған жөн.

5.2. Қазақстандық туристік өнімнің маркетингі және ілгерілеуі

Ұлттық турөнімнің маркетингін және ілгерілеуін қамтамасыз ету үшін Қазақстан белгілі халықаралық туристік көрмелерге белсенді қатысып келеді және осындай іс-шаралардың республикада жыл сайын өткізілуін ұйымдастырады.

Елді әлемдік туристік нарыққа ілгерілету мақсатында Қазақстан Республикасының тартымды туристік имиджін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды одан әрі жүзеге асыру қажет.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясын іске асыру және Қазақстанды туризм елі ретінде алға жылжыту шеңберінде мынадай шаралар қабылдау қажет:

туризмнің экономикалық көрсеткіштері өсімін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру және оны кең ауқымды мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру ;

халықаралық маңызы бар "белсенді" туристік жобалар әзірлеу және оны іске асыру ;

көлік инфрақұрылымын және туристік қызмет көрсетулер нарығын дамыту; халықаралық экономикалық ұйымдар мен одақтарға қатысу арқылы елдің туризм саласындағы жаһандық экономикаға енуі;

елдің еуразиялық тарихи даму факторын және қазақстандық қоғамның көпұлтты, көпконфессиялы және мультимәдени сипатын, оның құндылықтарын, дәстүрлерін, асханасын, өнерін, Қазақстан халықтары ассамблеясын, республиканың мәдени және ғылыми күштерін тарта отырып, белсенді пайдалану ;

Дүниежүзілік туристік ұйым, ЮНЕСКО (Білім беру, ғылым және мәдениет

мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы), БҰҰДБ (Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы), Дүниежүзілік Банк, Азия Даму Банкі, Ислам Даму Банкі сияқты халықаралық ұйымдарды және отандық даму институттарын тарта отырып, Қазақстанды әйгілендіру және шетелдік жұртшылық өкілдерін оның әкімшілік және мәдени-тарихи орталықтарымен таныстырудың пәрменді т е т і г і н ә з і р л е у ;

Қазақстан Республикасындағы туризмнің мамандандырылған түрлерін дамыту жоспарын әзірлеу;

"Атамекен" этномемориалдық кешені секілді өңірлік деңгейде тақырыптық парктер салу мәселесін пысықтау;

туристік қызмет көрсетулердің ішкі және сыртқы нарығында қазақстандық турөнімді тиімді жарнамалық-ақпараттық қамтамасыз ету.

5.3. Экологиялық туризм - тұрақты даму факторы

Қазақстан Республикасында экологиялық туризмді дамыту қажеттілігі тек экономикалық фактормен - жаңа жұмыс орындарын ашу, шалғай өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтарды дамытумен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тапсырыспен - халықтың денсаулық және бос уақытын пайдалану проблемасына тұтастай әрі жүйелі түрде мән берумен де түсіндіріледі. Дүниежүзілік туристік ұйым сарапшыларының деректері бойынша соңғы он жылда экологиялық туризм неғұрлым танымал және кез келген мемлекеттің тұрақты даму құралы болып т а б ы л а д ы .

Туристік әлеуетті зерттеу қорытындылары көрсеткендей, Қазақстанның экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Оның негізін Еуразия орталығындағы бірегей табиғи жағдайлар мен ландшафттар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер, түрлі тарихи кезеңдерде Қазақстан аумағына орын тепкен халықтардың мәдени және этникалық мұрасы құрайды.

Тұтастай алғанда, Қазақстандағы экологиялық туризмнің жағдайы тұрақталып келеді. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, заңды тұлға мәртебесіндегі ұлттық ерекше қорғалатын аумақтар 2005 жылы 391,6 мың туристке қызмет көрсеткен, туристік топтардың келуінен түскен кіріс 2005 жылы 9,1 млн. теңгені құраған.

Алайда экологиялық туризмнің басқа туризм түрлеріне қарағанда табиғи ортаға әлсіз әсеріне және кең дамыған инфрақұрылымды қажет етпейтініне қарамастан, осы бағыттың дамуы күрделі қиындықтарға ұшырауда, ол рекреациялық-туристік инфрақұрылымның көп бөлігінің әлі қалыптасу кезеңінде б о л у ы н а б а й л а н ы с т ы .

Қазақстандағы экологиялық туризмнің экономикалық әлеуеті іс жүзінде

шектелмеген, алайда оны қалыптастыру мен дамыту елеулі капитал салымы мен шығындарды қажет етеді. Экологиялық туризмге қажетті инфрақұрылым жасау туристер үшін табиғаттың бірегей жерлерінің тартымдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Шығыс Қазақстан облысындағы Мұзтау тауы маңындағы Рахманов бұлақтары туристік кешенінің құрылысы, Алматы облысындағы тау шаңғысы курорттарының желісін құру және басқалары сияқты экологиялық туризм объектілері бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында инвестициялар мен жеке капитал тарту үшін жағдайлар жасау қажет.

Осы процесті жандандыруға бағытталған шаралар мыналар болып табылады: ерекше қорғалатын табиғат аумақтарында экологиялық туризмнің инфрақұрылымын қалыптастыру мақсатында мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің және мемлекеттік табиғи резерваттардың техникалық-экономикалық негіздемесін, инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарларын әзірлеу бөлігінде т ү з е т у ;

Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығын экологиялық туризм бөлігінде д а м ы т у ;

Қазақстан бекіткен конвенциялар бойынша биологиялық әркелкілікті сақтау және дүниежүзілік табиғи және мәдени мұраны қорғау бөлігіндегі м і н д е т т е м е л е р д і о р ы н д а у .

Сонымен қатар Бүкіләлемдік экологиялық саммитте 2002 жылғы мамырда қабылданған экологиялық туризмді дамыту мәселелері жөніндегі Квебек декларациясының ұсынымдарын іске асыруды қамтамасыз ету қажет:

табиғатты, жергілікті мәдениетті қорғауды және жергілікті халықпен, жеке сектормен, үкіметтік емес ұйымдармен серіктестікте ұлттық дәстүрлер мен генетикалық ресурстарды сақтау жөніндегі шараларды ескере отырып, экотуризмді дамыту жөніндегі ұлттық, өңірлік және жергілікті саясатты т ұ ж ы р ы м д а у ;

табиғи ортаға кері әсер етудің алдын алу үшін пәрменді тетіктер әзірлеу; шағын және орта бизнес өкілдері үшін техникалық, қаржылық және адами ресурстарды дамытуға қолдау жасауды қамтамасыз ету;

қоршаған ортаны қорғау саласында үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Аталған ұсынымдарды орындау мен қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық туризм ерекше қажеттіліктерін қамтамасыз ету, халықтың өзіндік мәдениеті және дәстүрлерімен үйлесімділікте сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді сақтау, сондай-ақ турлардың географиясын үнемі кеңейтіп тұру Қазақстанда туризмнің осы түрінің табысты дамуын батыл болжамдауға мүмкіндік береді.

5.4. Балалар мен жасөспірімдер туризмі - ішкі туризмді дамытудың және туристік мәдениетті тәрбиелеудің негізін қалаушы факторлардың бірі

Бала жастан туризмнің әр түрімен айналысу азаматтық сезімге, туристік мәдениетке және қонақжайлылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді, іске асыру кезінде туризм экономиканың пәрменді секторы ретінде табиғат пен қоғам үшін ең төмен салдарлар әкеле отырып, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі туризмнің белсенді түрі бола отырып: өскелең ұрпақты табиғатпен байланыстыру арқылы оны салауатты өмір салтына баулуға, жігер мен руханилыққа тәрбиелеуге; туған өлкені іс-жүзінде тануға, қоршаған ортамен, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысуға ықпал етеді.

Балалар мен жасөспірімдер (мектеп жасындағы) туризмін дамытуды мектептік білім беру жүйесіндегі он жылдықта жойылған мектептен тыс балалар мен жасөспірімдер мекемелерін қалпына келтіру, көптеген пәндер бойынша оқу бағдарламаларын уақыт талабына сәйкес жаңарту арқылы кешенді түрде жүргізу қ а ж е т :

оқу бағдарламаларының тақырыптық жоспарларына туристік техника мен дайындық, Қазақстанның тарихи объектілерін, бірегей табиғи ескерткіштері білімдерін, жерді бағдарлау және карта бойынша бағдарлау дағдыларын қалыптастыру жөнінде сабақтар енгізу арқылы туристік білімнің жалпы білім беру деңгейін жетілдіру;

балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс туристік мекемелерінің желісін: балалар мен жасөспірімдер туризмі станцияларын республикалық буыннан аудандық буынға дейін, туристік клубтарды, балаларға арналған туристік базаларды қалыпқа келтіру және кеңейту.

"Менің Отаным - Қазақстан" жобасын іске асыруға, сондай-ақ туризмнің белсенді түрлерін ұйымдастыру кезінде гидтер және экскурсияшылар ретінде жастарды кеңінен тартуды қамтамасыз ету.

5.5. Кадрлар дайындау, туризм қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесі және туризм саласын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Туристік кадрларды сапалы дайындауды қамтамасыз ету үшін мыналарды о р ы н д а у қ а ж е т :

Халықаралық тәжірибеге сәйкес Дүниежүзілік туристік ұйым ұсынған туризм бойынша мамандықтарды "Қазақстан Республикасының бакалавриат және магистратура мамандықтарының жіктегіші" ҚРМЖ08-2004 Мемлекеттік жіктегішке енгізу;

туристік сала үшін кадрлар дайындайтын жоғары оқу орындарына туристік білім беру сапасының "WTO - Ted Qual" сертификатын енгізу;

республикада ғылыми-практикалық конференциялар өткізуді және кадр дайындау мен туристік индустрияны дамытудың негізгі мәселелері жөніндегі халықаралық туристік іс-шараларға Қазақстанның қатысуын ұйымдастыру;

туристік кадрлар даярлауды жүзеге асыратын жоғары және орта оқу орындары үшін оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтар мен көрнекі материалдарды әзірлеуге қатысу;

гидтар, экскурсияшылар, туризм нұсқаушыларын қоса алғанда, туристік индустрия мамандарын, оның ішінде айрықша қорғалатын аумақтар мен мемлекеттік ұлттық парктер үшін, оқытып-үйрету семинарлары мен біліктілігін арттыру курстарын тұрақты негізде жүргізу;

Еуропа білім беру қорымен халықаралық ынтымақтастық шеңберінде дайындалған "Туризм саласындағы ұлттық біліктілік құрылымы" (ҰБҚ) пилоттық жобасын іске асыруды және Алматы қаласында ҰБҚ әзірлеу жөніндегі Үйлестіру орталығын және орталықазиялық өңір елдері үшін басқа да бірлескен халықаралық жобалар құруды жүзеге асыру.

Бұдан басқа, халықаралық сарапшылардың қорытындысы бойынша туристік саланы дамыту жөніндегі маңызды шаралардың бірі оның ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі болып табылады. Республикада саланың ғылыми-әдістемелік базасы жоқтың қасы, ал осы уақытта Германия, Ұлыбритания секілді әлемнің дамыған елдерінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұлттық туризмнің даму болашағын зерттеу және болжамдау жөніндегі орталықтар бар.

5.6. Туризмді ақпараттық қамтамасыз ету

"IPK International" компаниясының Қазақстанның туристік әлеуетін бағалау бойынша жүргізген зерттеулерінің қорытындысы және оны ұзақ мерзімді кезеңге одан әрі дамыту жөніндегі ұсынымдары туристік саланы одан әрі дамыту мақсатында әлемдік практикада пайдаланылатын жаңа технологияларды қолдана отырып, дамуды ақпараттық көрсетудің жүйелі тұжырымдамасын жасауды көздейді. Бүгінгі таңда жаһандану, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу ғасырында аталған мәселені шешуге жаңа қағидат қажет.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану Қазақстанның туристік мүмкіндіктері туралы барлық қажетті ақпаратты, оның ішінде туризм объектілері

, авиа билеттер мен қонақ үйлердегі орындарды брондау, клиенттің тілегі бойынша туристік қызмет көрсетулер пакетін қалыптастыру туралы барлық қажетті ақпаратты тұрақты негізде ұсынып отыруға мүмкіндік береді. Әлемдік туризмде виртуалды туризм деп аталатын бағыт пайда болды. Толыққанды ақпарат алу мен оны әлемнің кез келген нүктесіндегі әлеуетті туристке дейін жеткізуде қазіргі заманғы технологиялар мүмкіндігі бірегей де теңдессіз. Бұл ретте ақпараттық орталықтардың мүмкіндігі туристік қызмет көрсетулер нарығын дамытуды мемлекеттік қолдаудың тиімді шаралары ретінде п а й д а л а н ы л а д ы .

Мұндай орталықтар туризм жай-күйінің көрсеткіштері мен оның дамуының әлеуетті мүмкіндіктерін жүйелеу, туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығындағы отандық туристік өнімнің тұтынылуы үшін сұраныстарды зерделеу мен ұсыныстар қалыптастыру, туризм индустриясына жаңа технологиялар мен ғылыми әзірлемелер енгізу, мемлекеттің тартымды туристік имиджін нығайту мақсатында ірі халықаралық іс-шаралар мен форумдар ұйымдастыру жөнінде қарқынды жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Туристік саланы ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету үшін м ы н а л а р қ а ж е т :

"Ақпараттық туристік орталық" акционерлік қоғамын құру;
қажетті көлік жолдарының, инженерлік және инфрақұрылымдық объектілердің болуын ескере отырып, ел өңірлері бойынша туристік индустрия мониторингінің тетігін әзірлеу;

ұқсас халықаралық желілермен одан әрі оны кіріктіру мақсатында Қазақстан аумағында біртұтас туристік-ақпараттық желі құру;

Дүниежүзілік туристік ұйымның ресми тілдерінде берілетін қажетті ақпаратты орналастыра отырып, елдің туристік әлеуеті, Қазақстанның мәдениеті мен тарихы, туристік ұйымдар мен қонақ үйлік қызмет көрсетулер, көліктік коммуникациялар мен байланыс, виза алу тәртібі, тіркеу және әкімшілік рәсімдері туралы жаңартылып отыратын деректер банкі бар біртұтас И н т е р н е т - п о р т а л а ш у .

Сонымен қатар Қазақстанның тартымды туристік имиджін қалыптастыру мақсатында шетелдік, республикалық және өңірлік жетекші бұқаралық ақпарат құралдарында кең ақпараттық-жарнамалық науқанды қамтамасыз ету қажет. Міндеттің маңыздылығын ескере отырып, тиісті мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы Қазақстан Республикасында туризмді дамытуды жүйелік ақпараттық қамтамасыз ету практикасын пайдаланған жөн.

Сонымен қатар, Германияда, Францияда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда және АҚШ-та туристік ақпараттық орталықтар ашу жоспарланып отыр.

5.7. Туристер қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Туризмді дамытудың негізін қалаушы шарттардың бірі оны туристер үшін қауіпсіздікпен қамтамасыз ету болып табылады. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Дүниежүзілік туристік ұйым Бас ассамблеясының София қаласында (Болгария) 1985 жылы өткен VI сессиясында мақұлданған Туризм хартиясында, Сантьяго қаласында (Чили) 1999 жылғы 1 қазанда қабылданған Этикалық туристік кодексте жарияланды.

Туристің қауіпсіздігі мемлекеттің саясатына, туроператорлар мен турагенттердің турларды ұйымдастыру кезінде қабылдайтын шараларына тікелей байланысты. Террорлық актілердің, індет пен техногендік сипаттағы жағымсыз зардаптардың өсіп отырған жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ө т к і р қ о й ы л ы п о т ы р .

Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мыналар қажет:
туристік кадрларды арнайы даярлауды және туристерге қызмет көрсету жөніндегі туроператорлар мен турагенттердің қызметінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нормалардың, ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру мә с е л е с і н п ы с ы қ т а у ;

туристік ортаны қорғау және күзету;
қорғану және қауіпсіздік мәселелері бойынша халықты және туристерді ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

ұйымдасқан қылмысқа, лаңкестікке және адам саудасына, әйелдер мен балаларды жұмыспен және жыныстық қатынаспен қанауға қарсы күрес жүргізу;

Қазақстанға туристік және өзге де көші-қон ағындарының кіріп кету, оның ішінде туристің атын жамылған экстремистердің "ыстық нүктелерге" өтіп кету мүмкіндігінің алдын-алу үшін бақылауды күшейту;

облыстар мен Астана және Алматы қалаларында туристерге көмек ретінде " hot line" режиміндегі телефондық ақпараттық қызмет құру.

5.8. Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ынтымақтастықтың маңызды аспектісі Дүниежүзілік туристік ұйыммен (ЮНДТҰ) өзара іс-қимыл болып табылады. Қазақстан ЮНДТҰ өткізетін іс-шараларға белсенді түрде қатысады. Туризмді дамытудағы және әлемдік туристік қоғамдастық елдері арасында ынтымақтастық орнатуда бұл ұйымның рөліне баға жетпейді және оның үстіне ЮНДТҰ Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы мекемесі болып аталған ұйымның өз кезегінде әлемдегі туризмді белсенді алға жылжыту мен тұрақты дамыту жөніндегі позициясын күшейтіп отырған кезде оның барлық мүшелері үшін маңызды.

Дүниежүзілік туристік ұйыммен ынтымақтастық шеңберінде Қазақстанға 1997 жылы елдің туристік әлеуетін алдын-ала зерттеуде техникалық көмек көрсетілді, ол Туристік саланы дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасының негізі болды. Республикада "Экологиялық туризм - ТМД, Қытай және Монғолия елдерінің өтпелі экономикасы үшін тұрақты даму құралы", "Әлемдік туризмнің даму үрдістері мен әдістемелері" атты ЮНДТҰ-ның өңірлік семинарлары өткізілді.

Халықаралық туризмді дамытудағы басты бағыттар халықаралық туристік байланыстарды кеңейту және туризм саласындағы үкіметаралық келісімдерді іске асыру болып табылады.

Б ұ л р е т т е :

туризм саласындағы бұрын жасалған үкіметаралық келісімдердің іске асырылуын қамтамасыз ету;

республикаға келетін негізгі туристік ағынға күш беріп отыратын елдердегі Қазақстан Республикасы елшіліктерінің жанынан туристік өкілдіктер ашу жөніндегі мәселені пысықтау;

Қазақстанда ірі халықаралық форумдар, саммиттер, конференциялар мен семинарлар өткізуге бастамашылық ету және өтуін қамтамасыз ету;

Дүниежүзілік туристік ұйым Бас ассамблеясының XVIII сессиясын 2009 жылы Астана қаласында өткізу мәселесін пысықтау;

іргелес мемлекеттермен шекаралық ынтымақтастық шеңберінде туристер үшін бірлескен туристік бағдарлар ұйымдастыру және шекара, кеден бақылауының оңайлатылған рәсімдерін енгізу жөнінде жұмыс жүргізу;

трансшекаралық туристік бағдарларды дамыту жөнінде Орталық Азия мемлекеттерімен, бірінші кезекте Қырғызстандағы Ыстықкөл өңірімен өңірлік ынтымақтастықты дамыту;

Дүниежүзілік туристік ұйымның Атқарушы Кеңесіне 2007 жылы Қазақстанды шығару жөніндегі шараларды іске асыру қажет.

5.9. Халықаралық маңызы бар "белсенді" жобаларды іске асыру

Туристік өнімнің және туризм индустриясының бәсекеге қабілеттілігін кластерлік дамыту арқылы арттыру кластерлік буындар құру, олардың өзара іс-қимылын жақсарту және іс-қимылдың республикалық шебер-жоспар түрінде ұсынылған басым жоспарын жүзеге асыру процесін жылдамдатуға көмектеседі. Қазақстанда туристік кластерлер құру мен оларды дамыту шеңберінде қазақстандық туристік өнімді әлемдік нарыққа жылжыту мақсатында белсенді де қатаң маркетингтік саясат жүргізу жоспарлануда.

Түрлі еуропалық және азиялық нарықтардағы ахуалды зерделеу нәтижесінде

мынадай қорытынды шығаруға болады:

тұтастай алғанда Орталық Азияның және дәлірек айтқанда Қазақстанның әлі де болса жаңа халықаралық туристік бағыттар бөлігінде белгісіз болып қалып отыр ;

"Қазақстан" сөзі жиі танылады, бірақ әлі де арнаулы туристік имиджі жоқ; еуропалық та, азиялық та туристік нарықта салыстырмалы түрде Қазақстанға келуге деген үлкен қызығушылық байқалады, мұның өзі нақты болашақта шетелдік туристер ағынының ұлғаю мүмкіндігін көрсетті.

Халықаралық нарық үшін Қазақстанның негізгі туристік өнімдері "Шексіз даладан қар басқан тау шыңдарына дейін" бағдары бойынша саяхатқа шығуды көздейтін құрама турлар мен джипті пайдалана отырып, киіз үйде немесе трейлерде тұратын далалық аңшылық екені айқындалды.

Қазақстанның халықаралық туристік нарықта табысты айқындалуы үшін аталған Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 2007-2011 жылдары үш басымдықты туристік нарық айқындалды:

1. Ресей, Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Түркия, Қытай.

2. Франция, Жапония.

3. АҚШ, Азия-Тынық мұхит өңірінің елдері.

Сөйтіп, Қазақстанды Орталық Азия мен Еуразиядағы жаңа әрі тартымды туристік объект ретінде алға ілгерілету стратегиясын әзірлеу қажет.

Экономиканың өсімін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру мен туризмді дамытуды мемлекеттік кең ауқымды қолдау жөніндегі міндеттер шеңберінде маңызды мән мынадай "белсенді" жобаларды іске асыруға беріледі:

1. Алматы қаласын және Алматы облысын дамыту:

дамудың бас жоспарлары мен туристік кластер құру мен дамытудың шебер-жоспарлары шеңберінде Алматы қаласы мен Алматы облысында туризм мен спорт инфрақұрылымын дамыту үшін жағдайлар жасау;

Қапшағай қаласында Диснейленд-парк және Лас-Вегас үлгісі бойынша туризм және ойын-сауық индустриясының құрылысын қамтамасыз ету үшін техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) мен жобалық-сметалық құжаттама (Ж С Қ) әзірлеу ;

ілеспелі қызмет көрсетулер саласын қалыптастыру мақсатында "Қорғас" Халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы" АҚ жанындағы инфрақұрылымды одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасау.

2. Астана қаласын және Ақмола облысын дамыту:

Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы ойын-сауық индустриясын қоса алғанда, ілеспелі қызмет көрсетулер саласын дамыту үшін жағдайлар жасау;

"Бурабай" ұлттық табиғи паркінде экологиялық туризм инфрақұрылымын дамыту ;

Ақмола облысы Аршалы ауданының Мартыновка ауылында (Астана қаласынан 30 км қашықтықта) Перғауындар ауылы (Мысыр), "От-бос" кешені (Квебек, Канада) тақылеттес сақтардың көшпелі тұрмысын, олардың өзіндік мәдениеті мен дәстүрлерін әйгілеуге бағытталған "Шеберлер сарайы" деп аталатын көрме орталығы бар "Шебер ауылы" этнографиялық кешенін салу.

Ақмола облысының Щучье ауданында "Бурабай" арнайы экономикалық аймағының шекарасында туристік ойын-сауық кешенін салу.

Ескерту. 2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.02.11. N 735 Жарлығымен.

3. Жібек жолы бойында туризмді дамыту:

Тек қана мәдени құндылықтары басымдық танытатын Өзбекстанмен салыстырғанда Қазақстанның бәсекелік артықшылығы Жібек жолының қазақстандық бөлігінің бірегей табиғат ландшафтарымен, эндемикалық флора және фаунамен және көшпелілердің тарихи-мәдени мұрасымен әрі көне қалалар халықтарының мәдениетімен үйлесім тапқан құрама турлар болып келуінде.

Аталған жобаны іске асыру үшін мыналар жоспарланып отыр:

"Жібек жолы меруерті" халықаралық туристік пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін Алматы - Тараз - Шымкент - Ташкент - Самарқанд - Үргеніш - Бішкек - Рыбачье - Алматы бағдары бойынша 2007-2008 жылдары жүзеге асыру;

"Жібек жолы меруерті" халықаралық туристік пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның екінші кезеңін Алматы-Тегеран бағдары бойынша жүзеге асыру жөнінде мемлекетаралық келіссөздер жүргізу және бағдарды Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округы арқылы 2008 жылдың аяғына қарай Пекин қаласына дейін ұзартуды қамтитын үшінші кезеңін іске асыруға дайындау ;

"Қорғас" және "Достық" шекара пункттерінен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласына дейін жол бойы инфрақұрылымының объектілерін көрсете отырып жол картасын жасау ;

Түркістан қаласында, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, Дүниежүзілік туристік ұйым мен ЮНЕСКО-ның (Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы) өңірлік бағдарламасының "Жібек жолы: өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында әлеуетті нығайту" халықаралық жобасын іске асыру шеңберінде қонақ үйлер мен керуен-сарайлар желісін салу және оларды дамыту ;

Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа қатысушы мемлекеттер үшін туристік визаларды өзара тану және

одан әрі бірыңғай туристік виза енгізу мәселелерін шешу жөніндегі мемлекетаралық келіссөздер процесін, оның ішінде аталған ұйымдар қызметінің шеңберінде жандандыру.

4. Каспий теңізінде жағажай және круиз туризмін дамыту:

Жобаны іске асыру мақсатында мыналар жоспарланып отыр:

Каспий теңізі бойынша Ақтау - Астрахань (Ресей) - Махачкала (Дағыстан) - Баку (Әзірбайжан) - Энзели (Иран) - Түркменбаши (Түрікменстан) - Ақтау халықаралық круизін дайындау және оны ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау;

жағажай туризмін дамыту және Ақтау қаласында туризм және ойын-сауық индустриясын құру жөніндегі мәселені пысықтау мақсатында Кендірлі демалыс аймағын жайластыру.

5. "Қазақстан - ғаламшардың бірінші ғарыш айлағы" жобасының шеңберінде Байқоңыр қаласында ғарыш туризмін дамыту үшін жағдайлар жасау.

Жобаны іске асыру 2008 жылдың соңына дейін жаңа технологияларды (планетарийлер, мұражайлар, ұшуларды басқарудың шағын орталықтары, кәдесыйлар сататын сауда орталығы және т.б. құру) пайдалана отырып Байқоңыр қаласының маңында ойын-сауық индустриясы бар туристік кешен құрылысын салу жөніндегі мәселелерді пысықтауды көздейді.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

2007-2011 жылдары Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыру сомасы 59318221 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

2007 жылы - 2329668 мың теңге; 2008 жылы - 20637405 мың теңге; 2009 жылы - 30635357 мың теңге; 2010 жылы - 2774656 мың теңге; 2011 жылы - 2 9 4 1 1 3 5 мың теңге .

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылатын болады .

Бұл ретте Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражат көлемі тиісті жылға республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады .

Жергілікті бюджеттер есебінен өңірлік деңгейде өткізілетін туризмді дамыту жөніндегі іс-шаралар қаржыландырылуы мүмкін.

7. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер және оның көрсеткіштері

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында туристер ағынының тұрақты өсімін былайша қамтамасыз ету көзделеді:

бірінші кезеңде (2007 - 2009 жылдар):

ішкі туризм бойынша 2007 жылғы 3,4 млн. туристен 2009 жылы 4,0 млн. туристке дейін;

сырттан келушілер туризмі бойынша 2007 жылғы 4,5 млн. туристен 2009 жылы 6,0 млн. туристке дейін.

екінші кезеңде (2010-2011 жылдар):

ішкі туризм бойынша 2010 жылғы 4,1 млн. туристен 2011 жылы 4,5 млн. туристке дейін;

сырттан келушілер туризмі бойынша 2010 жылғы 7,0 млн. туристен 2011 жылы 9,5 млн. туристке дейін (7-қосымша).

Шартты түрде орта есеппен бір шетелдік турист өзінің болуы уақытында бюджетке 63500-ге жуық теңге әкелсе, 2007 жылдан 2011 жылды қоса алғандағы дейінгі кезеңде сырттан келушілер туризмінен бюджетке түсетін түсім 603250 млн. теңгені құрайды.

Сырттан келушілер туризмі есебінен сонымен қатар халықтың жұмыспен қамтылуы 2007 жылғы 447,6 мың адамнан 2011 жылы 550,0 мың адамға дейін қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бағдарламада көрсетілген шаралар кешенін іске асыру туристер ағынын ел азаматтарының да, шетелден келушілердің де есебінен одан әрі көбейтуге жәрдем ететін болады. Ақырғы қорытындысында бұл ұлттық турөнімнің тартымдылығын елеулі арттыруға әкеледі және Қазақстанның қызмет көрсетулердің халықаралық саудасы шеңберінде халықаралық кәсіпкерлік пен әскери ынтымақтастықтың маңызды саласы ретінде әлемдік туристік нарыққа кіруіне жәрдем ететін болады. Мемлекет экономикасының шикізаттық емес секторы ішіндегі біршама кірісті саласына айналуға мүмкіндігі бар, дамыған бәсекеге қабілетті туристік индустрия құрылатын болады. Бұл ретте республикада Қазақстанның орталықазиялық өңірдің туризм орталығына айналуына нақты жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалады.

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

1-ҚОСЫМША

Туристік қызметтің

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (2005 жыл)

	Кәсіпорындар, бірліктер саны				
	барлығы	Оның ішінде			
		туристік фирмалар	туристік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлер	орналастыру нысандары	келушілерді орналастырумен айналысатын жеке кәсіпкерлер
Қазақстан Республикасы	1424	846	30	385	163
Ақмола	44	16	5	15	8
Ақтөбе	52	20		23	9
Алматы	71	30	3	20	18
Атырау	63	22		38	3
Шығыс Қазақстан	124	34	2	55	33
Жамбыл	33	11		10	12
Батыс Қазақстан	19	6	5	8	
Қарағанды	122	46	5	45	26
Қостанай	27	10		10	7
Қызылорда	28	3	1	12	12
Маңғыстау	28	15		12	1
Павлодар	55	23		31	1
Солтүстік Қазақстан	30	15		10	5
Оңтүстік Қазақстан	44	16	1	18	9
Астана	79	28	4	36	11
Алматы	605	551	4	42	8

кестенің жалғасы:

Көрсетілген қызмет жұмысының көлемі, мың теңге				
барлығы	Оның ішінде			
	туристік фирмалар	туристік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлер	орналастыру нысандары	келушілерді орналастырумен айналысатын жеке кәсіпкерлер
24516807,1	3208760,1	146330,2	20767394,1	394322,7
213882,9	9281,2	5504,4	192064,3	7033,0
698463,3	31296,7		659172,4	7994,2
425202,2	69062,7	9591,0	238230,0	108318,5
2502050,0	187782,0		2309704,0	4564,0
684646,8	19356,0	304,0	596028,1	68958,7
155354,4	7494,0		139371,4	8489,0
624549,6	73683,8	58463,8	492402,0	
1161009,1	47226,9	52209,9	967875,8	93696,5
137316,8	8681,0		123577,4	5058,4

176425,8	6821,2	550,3	147641,5	21412,8
1442290,0	75772,0		1366413,0	105,0
360478,1	15322,7		344993,9	161,5
196155,6	40227,0		151286,3	4642,3
236310,2	14808,2	2065,8	215644,0	3792,2
4468011,3	1278246,7	15653,0	3129741,1	44370,5
11034661,0	1323698,0	1988,0	9693248,9	15726,1

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

2-ҚОСЫМША

Туристік индустрияның

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ (2005 жыл)

	Туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны, мың адам			
	барлығы	оның ішінде		
		кіріс	шығыс	ішкі
Барлығы:	10649,0	4365,0	3004,0	3280,0
оның ішінде:				
туристік ұйымдар	456,1	40,4	218,0	197,7
орналастыру объектілері	1361,3	264,2		1097,1
санаторийлік-курорттық мекемелер	209,6	69,0		140,6
айрықша қорғалатын табиғи аумақтар	391,6	130,4		261,2
мәдениет мекемелері	2412,0	828,6		1583,4

кестенің жалғасы:

	Туристік қызметтен түскен кіріс, млн. теңге	Бюджетке түскен қаржы, млн.теңге
Барлығы:	30553,4	6526,5
оның ішінде:		
туристік ұйымдар	5902,6	554,6
орналастыру объектілері	23153,5	5317,5
санаторийлік-курорттық мекемелер	256,0	532,6
айрықша қорғалатын табиғи аумақтар	9,1	2,2
мәдениет мекемелері	1232,2	119,6

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

3-ҚОСЫМША

Қазақстандағы резидент еместердің және
шетелдердегі резиденттердің шығыстары көлемінің
КӨРСЕТКІШТЕРІ
(млн. АҚШ долл.)

ҚР Ұлттық Банкінің "Сапарлар" бабы бойынша
төлем теңгерімінің деректері

3-қосымшаның диаграммасын қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

4-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасындағы туризм түрлері бойынша
туристік ағын көлемінің
ӨСУ СЕРПІНІ (мың. адам.)

Туристік ағын көлемінің өсу серпіні

4-қосымшаның диаграммасын қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

5-ҚОСЫМША

Облыстар тұрғысынан туризм түрлері бойынша қызмет
көрсетілген келушілер саны

	Туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген келушілер саны
	оның ішінде

	барлығы	сырттан келушілер	сыртқа шығушылар	ішкі
Қазақстан Республикасы	1817402	304664	217961	1294777
Ақмола	58529	1377	480	56672
Ақтөбе	63733	9222	4765	49746
Алматы	152593	971	32080	119542
Атырау	91883	30963	5122	55798
Шығыс Қазақстан	168320	8434	3200	156686
Жамбыл	40101	2204	4416	33481
Батыс Қазақстан	36498	6333	7905	22260
Қарағанды	161477	14387	14164	132926
Қостанай	39148	4482	2424	32242
Қызылорда	15141	2020	746	12375
Маңғыстау	59050	8203	2487	48360
Павлодар	60353	2626	2900	54827
Солтүстік Қазақстан	53843	6237	8911	38695
Оңтүстік Қазақстан	55020	4172	1217	49631
Астана	251432	31900	31783	187749
Алматы	510281	171133	95361	243787

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

6-ҚОСЫМША

**Өндірілген өнім (жұмыстар мен қызмет көрсетулер)
КӨЛЕМІ (млн. теңгеде)**

	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Б А Р Л Ы Ғ Ы оның ішінде:	9055,0	22386,9	29944,0
Туристік фирмалар	2926,2	3204,2	5028,0
Қысқа мерзімде тұруға арналған қонақ үйлер және басқа да орындар, оның ішінде:	2181,4	14530,7	17737,5
мейрамханалары бар қонақ үйлер	1547,5	12886,4	15927,0
мейрамханалары жоқ қонақ үйлер	524,4	1297,5	1533,3
жастар туристік лагерлері және таулы туристік базалар	33,5	41,4	57,7
кемпингтер	-	148,9	0,7
басқа да тұрғылықты жерлер	76,0	156,5	218,8

Қазақстан Республикасы Президентінің
2006 жылғы 29 желтоқсандағы
N 231 Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында туризмді
дамытудың 2007-2011 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарламасына

7-ҚОСЫМША

Туризмнің басым түрлері бойынша туристік ағынның арту БОЛЖАМЫ

**Туризмнің басым түрлері бойынша туристік
ағынның арту болжамы (мың адам)**

7-қосымшаның диаграммасын қағаз мәтіннен қараңыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК